11		Мектептің педагог қызметкерлерінің қызметтік рейтингі қорытындысы «Жыл таңдауы-2024» мұғалімі мен оқушыны анықтау	Мағзумова З.Т.	17.05.2024ж.
1	<b>Марапаттау комиссияның жұмысы</b>	Марапаттау комиссиясы құрамын анықтау комиссия құру	Мағзумова З.Т.	01.09.2023ж.
2		Еңбек қызметінде жоғары нәтиже көрсетіп жүрген қызметкерлерді марапаттауға ұсыныстар қабылдау, талдау, ұсыну	Марапаттау комиссиясы	Қыркүйек Қаңтар

## 2023 – 2024 оқу жылы бойынша мектептің жұмыстану тақырыбы

*«XXI ғасырдағы шәкірттердің білім алуын, ізденісін, тәрбиесін әлемдік өркениет талабына сай ұлттық үрдісте ұйымдастыру»*

### **Мақсаты:**

- ✚ Оқу – тәрбие үрдісінде шәкірттерді мұғаліммен бірдей субъект ретінде танып, дара тұлға ретінде қабылдап, оның интеллектуалды – танымдық қабілеті мен іс – әрекетін дамыту жолдарын анықтау.

### **Міндеттері:**

- Жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау;
- Баланың тәрбиелену, білім алу және жан жақты қалыптасу, ана – тілін, ұлттық салт – дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру сияқты болып табылады;
- Жеке тұлғаның рухани жаңаруымен балалардың дарындылық қабілетін дамытудың педагогикалық негіздерін құру;
- Функциональдық сауаттылығы дамыған, шығармашыл жеке тұлғаның моделін қалыптастыру.



## 2023 – 2024 оқу жылының тәрбие жұмыс жоспарының бағыты

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ

**Мақсаты:** Патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезім; тұлғалық еркіндік құндылығын; адамаралық және топаралық төзімділік құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеу; меншік пен материалдық молшылық құндылығын; еңбекті құрметтеу; өмірге деген құрмет сезімін; түрлі кемсітушілікке жол бермеу, адамдардың теңдік құқығы идеясының принципін қалыптастырады.

### РУХАНИ ТАНЫМДЫҚ ТӘРБИЕ

**Мақсаты:** Адамгершілік бейне, адамгершілік сана-сезім; құндылықты сезімдер мен ізгілік қасиеттер, ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, табандылық, қайырымдылық, ынтымақтастық, ұлттық келісім құндылығы, өзге халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін және тілін құрметтеу және дәріптеу құндылығы; өмірге деген этикалық жауапкершілік кәзқарас қалыптастырады.

### ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

**Мақсаты:** Құндылықтар жүйесін қалыптастыру қазақ тілін білу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздері туралы жарыстар мен олимпиадалар өткізу; әрбір мектепте музейлер ашу; атақты спортшылар, ғалымдар, көрнекті тұлғалар, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жоба жеңімпаздарымен кездесулер; сонымен қатар, өлкенің тарихи-мәдени мұраларына жататын объектілерінде мектеп оқушыларына өлкетану бойынша тақырыптық сабақтар өткізу арқылы жүзеге асырылады.

### ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

**Мақсаты:** Неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана қасиеті; махаббат, адалдық, достық – сезімдері құндылығы.

### ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ

**Мақсаты:** Еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі.

### КӨП МӘДЕНИЕТТІ ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ

**Мақсаты:** Эстетикалық сана-сезім; эстетикалық талғам мен сезім; қазақ халқының, Қазақстандағы басқа да этностар мен этникалық топтардың ұлттық мәдениет құндылықтарын көркемдік-эстетикалық қабылдау.

### ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ

**Мақсаты:** Білімнің құндылығын; зияткерлік позицияның құндылығын; әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы құндылығын; ал ақпараттылық мәдениеті - кибермәдениетті және кибергигиенаны қалыптастырады.

## ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі мен спорт, физикалық жетілдіру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығы қалыптастырады.

### ➤ І.ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ

**Мақсаты:** Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбындағы білім күніне арналған тәрбие сағаттары 5-11 сыныптар	Ашық сабақ	ДТЖО, сынып кураторлары	01.09.2023
2	«Тіл- тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз»	Дөңгелек үстел	ДТЖО, қазақ тілі пәні мұғалімдері	05.09.2023
3	«Үйірмелер жәрмеңкесі»	жәрмеңке	Үйірме жетекшілері	15.09.2023
4	«Үйде, көшеде, қаладағы тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік»	Дәріс	Әлеуметтік педагог мектеп инспекторы	15.09.2023
5	Құқық органдарының өкілдерімен біріккен шара «Абайлаңыз, балалар! Жолда жүру ережелері 5- 11 сыныптар	вебинар	ДТЖО, сынып кураторлары. Мектеп инспекторы	қыркүйек
6	«Адал ұрпақ» тобының жұмысы /бөлек жоспар/ «Парасатты азамат» бұрышын жасау	Тәрбие сағаттар, кездесулер	ДТЖО, сынып кураторлар, «Адал ұрпақ» тобының жетекшісі	қыркүйек
7	«Тәртіпсіздік және құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік» қағидасын жүзеге асыру барысында 5-11 сыныптар	Дәріс	ДТЖО, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы,	қыркүйек
8	Буллинг( кибербуллинг) профилактикасы 7-11 сыныптар	вебинар	мектеп психологі	6-14.10.2023
9	«Мен Сәкен мектебінің оқушысымын»	Ант қабылдау	ДТЖО, педагог-ұйымдастырушы	15.10.2023
10	Сынып сағаттары: «Менің құқықтарым – менің міндеттерім».	Тәрбие сағаттары	ДТЖО, сынып, кураторлар, психолог	17.11.2023
11	«Қ.Р рәміздеріне құрмет. Шаңырақ сағаттары	тәрбие сағаттары	ДТЖО, сынып кураторлары	27.11.2023
12	«Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы аясында « Бәріміз адалдық үшін» 5-11 сыныптар	Жарнамалық ролик	ДТЖО, «Адал ұрпақ» клубының жетекшісі	28.11.2023
13	ҚР Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік- Мәңгілік Елдің тұғыры» <b>Қ.Р рәміздері. Шаңырақ сағаттары</b> 5-11	сынып сағаттары	Сынып кураторлары, тарих пәні мұғалімдері, кітапханашылар	14-15.12.2023

	сыныптар			
14	Құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. 8-11 сыныптар	Кездесулер	ДТІЖО, мектеп инспекторы, әлеумет. педагог, психолог	Жыл бойы
15	«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» /бөлек жоспар/ 5-11 сыныптар	Ақпараттық науқан	ДТІЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып кураторлары мектеп инспекторы	қараша
16	«Қылмыстық құқық. Қылмыс. Жауапкершілік» («Бала құқығы – адам құқығы» онкүндік шеңберінде) 9-11 сыныптар	Сұхбат	ДТІЖО, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы	Қараша
17	«Әкімшілік құқық. Құқық бұзушылықтар. Жазалар» («Бала құқығы – адам құқығы» онкүндік шеңберінде) 7-8 сыныптар	Сұхбат	ДТІЖО, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы	Қараша
18	«Біздің таңдауымыз – заңды мемлекет» (9 желтоқсан-Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күні) 9-11 сыныптар	Пікірталас	ДТІЖО, сынып кураторлары, Дебат үйірме жетекшісі	желтоқсан
19	«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» 5-6 сыныптар	Суреттер байқауы	ДТІЖО, бейнелеу өнері пәнінің мұғалімдері	желтоқсан
20	«Түнгі қаладағы балалар», «Көше» және «Жасөспірім», «Отбасында зорлық-зомбылыққа жол жоқ!»	Рейд	ДТІЖО, Мектеп инспекторы	Ай сайын
21	<b>Шаңырақ сағаттар:</b> «Адалдық пен әділдік – адамдықтың бейнесі» Тәртіп — тәрбие бастауы, «Қазақстан-құқықтық мемлекет»	Тәрбие сағаттар	ДТІЖО, сынып кураторлар	19.01.2024
22	«Бала құқығы конвенциясы»	Сынып сағаттар	сынып кураторлары	2.02.2024
23	«Ғарыш әлемі»	Сурет байқауы	сынып кураторлары	12.04.2024
24	«Патриот» онкүндік /бөлек жоспар/ 10-11 сыныптар	онкүндік	ДТІЖО, АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы	Сәуір – мамыр
25	« <b>Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс</b> » бөлек жоспар 5-11 сыныптар	іс-шара	Тәрбие бөлімі, сынып кураторлар	Мамыр
26	Қалалық наркологиялық орталығы және кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектормен кездесу 8-10 сыныптар	Сұхбат	ДТІЖО, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы	Келісім бойынша
27	МІБ тұрған оқушылар және отбасыларымен жекелеген жұмыс жүргізу <i>Жекелеген оқушылар</i>	Түсінік жұмыстары	ДТІЖО, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы, сынып кураторлары	Үнемі

## II. РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ

**Мақсаты:**

Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	«Мектепке жол» республикалық акциясы	Қамқорлық акциясы	ДТІЖО, әлеуметтік педагог, сынып кураторлары	тамыз-қыркүйек
2	Отбасында теріс діни көзқарасы бар намаз оқитын және хиджаб киетін оқушыларды анықтау 5-11 сыныптар	Мәлімет жинау	ДТІЖО, әлеуметтік педагог, сынып кураторлары	Қыркүйек
3	«Діни экстремизмге жол бермеу-баршамыздың міндетіміз» 8-11 сыныптар	Кездесу	8-11 ДТІЖО, кітапханашылар	22.09.2023
4	«Мейірбандық күндер» айлық /бөлекжоспар/ Қарттарым – асыл қазынам» 1 қазан – қариялар күніне арналған тәрбие сағаттары 4-11 сыныптар	Айлық	ДТІЖО, әлеуметтік педагог, сынып кураторлары	қазан
5	«Ризамыз: Ұстаз» ұстаздарға, ардагер ұстаздар алғыс 5-11 сыныптар	Акция (әлеуметтік желіден алғыс)	Педагог-ұйымдастырушы «Жас Ұлан» ұйымы	28-30.09.2023
6	«Ұстаз аты - биік, әрі мәңгілік»	Мерекелік шара	ДТІЖО, педагог-ұйымдастырушы, 11 сынып кураторлары	30.09.2023
7	«Жас ерекшелігі гигиенасы» Жыныстық жетілуі, жыныстық тәрбие» 5-11 сыныптар	Дәріс	ДТІЖО, кураторлары, медбике, психолог	Қазан
8	«Діни экстремизм туралы не білеміз?» 7-8 сыныптар	Сауалнама жүргізу	Педагог-психолог	Жыл ағымы
9	«Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы» 6-8 сыныптар	Әңгімелесу	ДТІЖО, «Ақ Жібек» қыздар клубының жетекшісі	15.10.2023
10	Ұл мен қыздар арасындағы достық. Гендерлік тәрбие бұл..... 5-11 сыныптар	Дәріс сұхбат	ДТІЖО, мектеп психологтары	20.10.2023
11	Адамгершілік - жыныстық тәрбиесі 5-11 сыныптар	Сауалнама	ДТІЖО, мектеп психологтары	Қараша
12	«Діни экстремизм мен терроризм және құқық бұзылушылық»	Бейнефильм көру	ДТІЖО, педагог-психолог	19.11.2023
13	«Желтоқсан құрбандарын еске алу шарасы»	Сахналық қойылым	Сахналық өнер үйірме жетекшісі	1.12.2023
14	<b>Ұшқыр ой алаңы жобасы бойынша</b> « Қазіргі жастар өз елінің патриоты ма?»	дебат	Дебат үйірме жетекшісі	08.12.2023

15	Теолог мамандармен кездесу9-10 сыныптар	Кездесу	ДТІЖО, дінтану пәнінің мұғалімі	Жыл ағымында
16	«Қамқорлық»/бөлек жоспар/ 5-11 сыныптар	Акциясы	ДТІЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагог	Қаңтар-ақпан
17	«Қазақстандағы теріс ағымдағы діни экстремизм және терроризм қауіп-қатері» 9-11 сыныптар	Бейнефильм көру	Дінтану пәнінің мұғалімі	20.01.2024
18	1.«Жақсылық-жан азығы» 2.«Төзімділік-адамгершіліктің мөлдір бұлағы» 3.«Бақыт деген...» 5-11 сыныптар	Шаңырақ сағаттары	ДТІЖО, кураторлар	26.01.2023
19	1.«Жақсы мен жаманды ажырата білейік» 2.«Дін-тәрбиенің рухани діңгегі» 3.«Діни экстремизм және терроризм қоғамға тиген қауіп» 5-11 сыныптар	Тәрбие сағаттар	ДТІЖО, кураторлар	15.02.2024 19.02.2024
20	<b>«Алғыс айту»күні 5-11 сыныптар</b>	Тәрбие сағаттар	сынып кураторлары мен тәрбиешілер	01.03.2024
21	<b>«Түлектер сабақтастығы» 5-11 сыныптар</b>	Жоба	ДТІЖО, «Жас ұлан» ұйымы, тәлімгер, сынып кураторлар	Жыл ағымында
22	Адамгершілік-жыныстық тәрбие бойынша дәріс-сұхбат 8-11 сыныптар	Дәріс-сұхбат	Медбике , арнайы маман, психолог	Жыл ағымында
23	Адамгершілік-жыныстық тәрбиесі бойынша емхананың салауатты өмір салты бөлімінің дәрігерлерімен, салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының мамандарымен,ЖИТС ОО-ның қызметкерлерімен кездесу 5-11 сыныптар	Кездесу	ДТІЖО, медбике, арнайы маман, психолог	Келісім бойынша
24	Ұлдар мен қыздар клубтарының жұмысы /бөлекжоспар/ 5-11 сыныптар	Тәрбиелік шаралар, кездесу	Клуб жетекшілері	Жыл ағымында
25	Ата-аналармен діни сауаттылығы туралы түсінік жұмысын жүргізу 5-11 сыныптар	Түсінік жұмысы	Сынып кураторлары, психолог	Жыл бойы
26	«Суицид жоқ - бақытты өмір бар» 7-11 сыныптар	Дәріс сұхбат	Психолог	Жыл ағымында
27	<b>«Мәңгілік ел болашағы- Біртұтас Ұлт» 1 мамыр күніне арналған Шаңырақ сағаттары</b>	Тәрбие сағаттары	ДТІЖО, педагог-ұйымдастырушы музыка пәнінің мұғалімі,кураторлар	29.04.2024
28	Жазғы демалыс уақытында мектеп оқушыларына діни ағымға бас бұрмауға және террорлық әрекеттерден аулақ болу 5-11 сыныптар	Түсінік жұмысы	Әлеуметтік педагог	Мамыр
29	«Жүрек жылуы» жобасы	жоба	ДТІЖО, үйірме жетекшісі	Жыл ағымы
30	<b>«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы аясында кездесу сағаттары</b>	кездесу	ДТІЖО, педагог-ұйымдастырушы	Келісім бойынша

			кураторлар	
--	--	--	------------	--

### III. ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

#### Мақсаты:

Жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	«Төрт тоқсанға төрт өнер» ағартушылық жобасы аясында «Ақындар айтысы»	айтыс	Өнер мектебі	қазан
2	«Теңге – Тәуелсіз Қазақстанның белгісі» 5-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	Сынып кураторлары	15.11.2023
3	Сынып сағаттар: 1. Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің, біздің егемендегіміздің негізі» 5-11 сыныптар	Тәрбие сағаттар	ДТІЖО, сынып кураторлары	24.01.2024 29.01.2024
4	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Менің Отаным Қазақстан!»	Тәрбие сағаттар	ДТІЖО, сынып кураторлары, педагог-ұйымдастырушы	13.01.2024
5	«Наурыз -Думан » /бөлек жоспар/ 1.«Ұлттық ойын- халық қазынасы» 2.«Салт-дәстүрім-таусылмайтын байлығым» 3.«Ұлттық тәрбие-отбасынан басталады»5-11 сыныптар	Мерекелік шаралар, тәрбие сағаттар	ДТІЖО, сынып кураторлары, педагог-ұйымдастырушы	Наурыз
6	«Төрт тоқсанға төрт өнер» ағартушылық жобасы аясында «Ұлттық қолөнер ұрпаққа аманат»	Қолөнер көрмесі	ДТІЖО, қолөнер үйірме жетекшілері	наурыз
7	«Асыл әжем» 4-5 сыныптар	Әжелермен кездесу	сынып кураторлары	04.03.2024
8	«Әке ғой отбасының сүйенері» 5-11 сыныптар	Әкелермен кездесу	сынып кураторлары	14.04.2024
9	«Мәңгілік ел болашағы – Біртұтас ұлт» 1 мамыр-бірлік күніне арналған т/с 5-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	ДТІЖО, сынып кураторлар	27-28.04.2024
9	Мектеп мұражайының жұмысы /бөлек жоспар/	Тәрбиелік шаралар	Мұражай жетекшісі	Жыл ағымында
10	«Салауатты сенбі» 5-11 сыныптар	Ұлттық ойындар сайысы	ДТІЖО, дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері	06.05.2024
11	«Өлке тарихы-сыр шертеді»(Орал қаласы туралы) 5-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	ДТІЖО, кураторлар	11.05.2024
12	«Мемлекеттік рәміздер – ұлт мақтанышы» 5-11 сыныптар	Рәміздерімізді дәріптеуге арналған шара	ДТІЖО, педагог-ұйымдастырушы, «Жас Ұлан» ұйымы	Маусым
13	Музей сабақтары жобасы аясында Мектеп мұражайының жұмысы/бөлек жоспар	Тәрбиелік шаралар	Мұражай жетекшісі	Жыл ағымында

#### IV. ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

##### Мақсаты:

Ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	Сыныптың әлеуметтік паспорты 5-11 сыныптар	Әлеуметтік төлқұжатын құру	сынып кураторлары, әлеуметтік педагог	Қыркүйек
2	Отбасы күніне арналған Балалар жылы аясындағы «Бала- басты құндылығымыз» тәрбие сағаттары: «Бәрі отбасынан басталады». «Отбасының басты құндылықтары». «Үйде құт болса, қазына керек емес».5-11 сыныптар	Тәрбие сағаттары	ДТІЖО, сынып кураторлар	08.09.2023
3	«Отбасы мемлекеттің тірегі»	Кітап көрмесі	Кітапханашылар	08.09.2023
4	<b>Балалар жылы аясындағы</b> «Отбасым –бақыт мекенім» <b>Шаңырақ сағаттары</b>	Тәрбие сағаттары,бейнероликтер, фотоколлаж	ДТІЖО, педагог-ұйымдастырушы, куратор-тәрбиешілер.	8.09.2023
5	«Менің отбасым» суреттер байқауы 5-6 сыныптар	Байқау	ДТІЖО, педагог-ұйымдастырушы	08.09.2023
6	«Әкем, шешем және мен – олимпиадалық отбасы» 7-8 сыныптар	Отбасылық эстафета	Сынып кураторлары,дене тәрбиесі пәнінің мұғілімдері	19.02.2024
7	8 Наурыз-халықаралық аналар күніне арналған сынып сағаттары 1. «Ана – әлемдегі ең жақсы сөз». 5-11 сыныптар	Тәрбие сағаттар	ДТІЖО, сынып кураторлары,тәрбиешілер	06.03.2024 07.03.2023
8	Әжелер, әкелер,аналар мектептерінің жұмысы /бөлекжоспар/ 5-11 сыныптар	Тәрбиелік шаралар	ДТІЖО, сынып кураторлары,тәрбиешілер	Жыл ағымында
9	Ата-аналарға психологиялық кеңестер 5-11 сыныптар	Кеңес беру	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог	Жыл ағымында
10	Ата-аналар жиналыстары /бөлекжоспар/5-11 сыныптар	Жиналыс	Мектеп әкімшілігі, сынып кураторлары	Жылына 5 рет
11	«Қамқоршылық кеңес» жұмысы /бөлекжоспар/ 5-11 сыныптар	Жиналыс	ДТІЖО, әлеуметтік педагог	Жыл ағымында
12	Ата-аналар комитетінің жұмысы /бөлекжоспар/ 5-11 сыныптар	Жиналыс	ДТІЖО, әлеуметтік педагог	Жыл ағымында
13	«Ата-ананың мектептегі бір күні»	жоба	ДТІЖО, сынып кураторлары,тәрбиешілер	Жыл ағымында

15	«Отбасы.Экология.Мәдениет» атты экологиялық акция отбасында балаларды еңбекке баулу 5-11 сыныптар	Акция	Сынып кураторлары, ата-аналар	Үнемі
16	«Мектепті көркейтеміз Қазақстанды көркейтеміз»	Акция,сенбіліктер	ДТІЖО ,сынып кураторлары,педагог-ұйымдастырушы	Жыл ағымында

## V. ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ

### Мақсаты:

Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	Еңбек күніне арналған тәрбие сағаттары: 1. «Еңбек түбі – береке». 2. «Еңбек бәрің де жеңбек». 3. «Әлемнің әміршісі еңбек». 5-11 сыныптар	Тәрбие сағаттар	ДТІЖО, сынып кураторлары	20.09.2023 23.09.2023
2	«Қатерлі топ» балаларын анықтау	диагностика	Мектеп психологі	қыркүйек
3	Дүниежүзілік жануарларды қорғау күні 7-8 сыныптар	Акция	Сынып кураторлары	04.10.2023
4	«Этика және біз» оқушы ережесі сақталуы	мектепішілік бақылау	педагог-ұйымдастыру «Жас Ұлан»	ақпан
5	Сынып сағаттары: 1. «Табиғатпен достасқым келеді». 2. «Табиғатты бірге сақтайық!». 3. «Мыңдаған ғаламшардан Жерден кереметі жоқ!». 5-11 сыныптар	Тәрбие сағаттар	Сынып кураторлары	11.04.2024 16.04.2024
6	<b>«Төрт тоқсанға төрт өнер» ағартушылық жобасы аясында «Туған өлкем» фестивалі</b>	Іс-шара, Кітаптар көрмесі	Педагог-ұйымдастырушы кітапханашы	сәуір
7	Кәсіби бағдар беру бағытында оқушыларға түсініктер беру 9-11 сыныптар	Әңгімелесу	ДТІЖО, сынып кураторлары, Бейімдік оқу орынбасары: Ахмадиев.А.С	Үнемі
8	Колледждердің, жоғары оқу орындарының базасымен танысу. 3D экскурсия, «Ашық есік» күніне қатысу. 9-11 сыныптар	Экскурсия	ДТІЖО, сынып кураторлар	Келісім бойынша
9	Кәсіби бағыттылығын зерттеу 7-11 сыныптар	Диагностик, сауалнама	Педагог-психолог	Жыл ағымында
10	Сынып сағаттары: 1. «Мәртебелі мамандық» 2. «Қыры да көп, сыры да көп мамандық» 9-11 сыныптар	Тәрбие сағаттар	ДТІЖО, сынып кураторлары, проф.о Исказиева.Қ	04.04.2024 09.04.2024
11	«Мен көмегім» атты мектептің ішкі, сыртқы жұмысына белсенді топ оқушыларының 1 күндік көмек көрсету акциясы 5-8 сыныптар	Акция	Жас Ұлан» ұйымы	наурыз



13	«Еңбек елдің мұраты» өңірдегі кәсіби жетістікке жеткен еңбек адамдарымен кездесу, онлайн кеңес.т.б	Кездесу сағаттары	сынып кураторлары, тәрбиешілер	18-23.04.24
14	«Мамандық таңдау-маңызды шешім» 7-11 сыныптар	Көрме	Кітапхана	Мамыр
15	«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында «Жасыл мекен» мектеп ауласын көгалдандыру	сенбілік	ДТІЖО, Жасұлан ұйымы	Мамыр

## VI. КӨПМӘДЕНИЕТТІ ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ

### Мақсаты:

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	«Сыбдыры сұлу, алтын күз!» /бөлек жоспар/ 5-11 сыныптар	Апталық	ДТІЖО, тәлімгер, музыка пәнінің мұғалімі, сынып кураторлары	04.10.2023 09.10.2023
2	Дүниежүзілік жастар күні 5-11 сыныптар «Балалар жылы аясындағы шара»	Флешмоб	Педагог-ұйымдастырушы	10.11.2023
3	«Келдің міне, Жаңа жыл» 5-11 сыныптар	Мерекелік шара	ДТІЖО, педагог-ұйымдастырушы	Желтоқсан
4	«Жас Ұлан» ұйымының жұмысы	Онкүндік	ДТІЖО, «Жас Ұлан» ұйымының жетекшісі	Қаңтар
5	«Түлектер сабақтастығы» жобасы	Тәрбиелік шаралар, кездесу	ДТІЖО	Жыл ағымында
6	«Қыз бала- ұлттың ұяты, халықтың шырайы»	Тәрбиелік шара	«Ақжібек» қыздар ұйымы жетекшісі	15.01.2024
7	«Наурыз – жыл басы» 5-11 сыныптар	Іс-шара	ДТІЖО, тәлімгер, музыка пәнінің мұғалімі, сынып кураторлары	14.03.2024 19.03.2024
8	Оқушылардың шығармашылық жұмыстарының жәрмеңкесі 5-11 сыныптар	Жәрмеңке	Технология пәнінің мұғалімдері, үйірме жетекшілері	сәуір
9	Белгілі тұлғалармен, өнер қайраткерлерімен, спорт жұлдыздарымен кездесулер	Кездесу	ДТІЖО, педагог-ұйымдастырушы	Келісім бойынша
10	«Ер жігітке жеті өнерде аз»	Тәрбие шарасы	Педагог-ұйымдастырушы	мамыр

## VII. ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ

**Мақсаты:**

Білімнің құндылығын, зияткерлік позицияның құндылығын, әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын құндылығын, ақпараттық мәдениеті – кибермәдениетті және кибергигиенаны қалыптастыру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	Қазақстанның ұлы ойшылдары мен философтары»	Кітап көрмесі	кітапханашылар	21-28.10.2023
2	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	Акция	Мектеп кітапханашылары	22-27.11.2023
3	«Бір ел – бір кітап» акциясы 7-9 сыныптар	Оқырман конференциясы	Мектеп кітапханашылары	22.01.2024
4	<b>«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында «Қазақ есебі»</b>	Викторина	Сынып кураторлары	қаңтар
6	Қауіпсіз интернет бөлек жоспар/ 5-11 сыныптар	Ақпараттық науқан	ДТІЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, информатика пәні мұғалімі, сынып кураторлары	Сәуір
7	<b>Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында «Шахмат ойнау»</b>	акция	ДТІЖО, шахмат үйірме жетекшісі	сәуір
8	Жұлдыздар шеруі, озаттар шеруі 5-10 сыныптар	Шеру	ДТІЖО, педагог-ұйымдастырушы	24.05.2024
9	Redx» форматында оқырман конференциясы	конференция	ДТІЖО, Кітапханашы	Қараша, қаңтар наурыз
10	« Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»	ТЕДх	ТЕДх үйірме жетекшісі	қараша

**VIII. ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ****Мақсаты:**

Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	«Денсаулық фестивалі- 2022» денсаулық күні 5-11 сыныптар	Жалпы мектепішілік шаралар	ДТІЖО, дене шынықтыру бірлестігі	Қыркүйек, сәуір
2	«Қатерлі топ» балаларын анықтау	Диагностика	Педагог-психолог,	Қыркүйек
3	Сынып сағаттары: 1. «Денсаулық пойызымен саяхат». 2. «Дені сау ұлт – дені сау мемлекет». 3. «Біз ЖҚТБ-ға, нашақорлыққа, маскүнемдікке қарсымыз, біз салауатты өмір салты үшін». 5-11 сыныптар	Тәрбие сағаттар	сынып кураторлары	20.09.2023 25.09.2023
4	Қауіпсіз мектеп /бөлекжоспар/ 5-11 сыныптар	Айлық	ДТІЖО, әлеуметтік педагог	Қыркүйек

5	Буллинг(кибербуллинг) профилактикасы 8-11 сыныптар	Вебинар	ДТІЖО, психологтар	Қазан-сәуір
6	«Денсаулық,Спорт және Мен»	Спорттық іс-шара	педагог- ұйымдастырушы	10.11.2023
7	1 желтоқсан – Дүниежүзілік АҚТҚ және ЖҚТБ-ға қарсы күрес күні	Шеру Флешмоб марафоны	ДТІЖО,медбике, психолог	01.12.2023
8	<b>«Төрт тоқсанға төрт өнер» ағартушылық жобасы аясында «Алтын сақа» олимпиадас</b>	жарыст	Дене шынықтыру бірлестігі	25.12.2023
9	«Біз нашақорлыққа қарсымыз!» 7-8 сыныптар	Тренинг	Педагог-психолог	Қаңтар
10	Емхана психологімен кездесу 8-11 сыныптар	Кездесу	ДТІЖО, Медбике	Келісім бойынша
11	Ата-аналардың психологиялық білімін жетілдіру үшін жаднамалар тарату 5-11 сыныптар	Жаднама тарату	Педагог- психологтар	Жыл ағымында
12	Өмірдің қиын жағдайына тап болған оқушыларға кеңес беру /бөлекжоспар/ 5-11 сыныптар	Кеңес беру	Педагог- психолог, элеуметтік педагог	Үнемі
13	Жаңа жыл мерекесі кезіндегі қауіпсіздік шаралары 5-11 сыныптар	Интерактивті сабақтар	ДТІЖО, сынып кураторлары	20.12.2023 25.12.2023
14	Мектепшілік турнирлер (шахмат,тоғызқұмалақ)	Турнир	Дене шынықтыру мұғалімдері	ақпан
15	Ұлттық ойындар шеруі	сайыс	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	наурыз
16	Сынып сағаттары: 1. «Қатаң есте сақтандар – өрт өздігінен болмайды». 2. «Өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін білуге міндеттісің». 5-11 сыныптар	Дәріс сағаттары	ДТІЖО, сынып кураторлары	25.04.2024 30.04.2024
17	«Дұрыс тамақтану – болашақ ұлт денсаулығын сақтау!» /бөлекжоспар/ 5-11 сыныптар	Онкүндік	ДТІЖО, педагог- психолог, элеуметтік педагог, медбике	05.04.2024 12.04.2024
18	Сынып сағаттары: 1.«Жол жүру ережелерінің ғажайып әлемі» 2. «Жаяу жүргінші болу ғылым». 4-7 сыныптар	Тәрбие сағаттар	ДТІЖО, сынып кураторлары	02.05.2024 07.05.2024
19	<b>Күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері 5-11 сыныптар</b>	Тәрбие сағаттары	ДТІЖО, сынып кураторлары	Жыл ағымында
20	Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік (жол, су, өрт, тұрмыстық, қоғамдық тамақтану т.б.) 5-11 сыныптар	Тәрбие сағаттар	ДТІЖО, сынып кураторлары	19.05.2024

## VI. Білім беру мекемесін басқару

### Мектепті басқару құрылымы



### Мектепті басқарудағы әкімшілік құрамы

№	Аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Қызметі	Қызметтік санаты	Еңбек өтілі
1	Хамзина Аягоз Орынбаевна	04.02.1963	Директор	III	30
2	Ахмадиев Арман Сансызбаевич	14.03.1973	Бейіндік оқыту бойынша орынбасары	I	27
3	Ахметуллаева Турсынгуль Алмасовна	06.05.1987	Оқу ісі жөніндегі орынбасары	I	12
4	Кажғалиева Динар Букесовна	16.05.1966	Оқу ісі жөніндегі орынбасары	I	33
5	Джуламанова Мерует Сериковна	01.02.1983	Үштілділік бойынша орынбасары	-	11
6	Мағзумова Замзагуль Тулегеновна	20.05.1973	Оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары	I	31
7	Тастемирова Айболсын Тастемировна	01.08.1977	Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	-	24
8	Суханова Гульшат Рахимовна	18.02.1964	Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	-	37
9	Кусайнова Зауреш	28.01.1964	«Өнер» мектебі	I	30

	Кайдаровна		бойынша орынбасары		
10	Карасаева Камшат Кайргалиевна	22.02.1986	Интернат меңгерушісі	-	8
11	Балмұхан Жұмабай Тоғайұлы	24.10.1964	Шаруашылық жұмысы бойынша орынбасары	-	27

**Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы  
№11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының  
2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық кеңес жоспары**

<b>№1 кеңес. Тамыз</b>	
<b>Тақырыбы «Өткен оқу жылының қорытындысы. 2023-2024 оқу жылын ұйымдастыру, даму келешегі»</b>	<b>Жауапты тұлғалар</b>
2022-2023 оқу жылының қорытындысын талдау. ҰБТ және түлектердің орналасуы туралы.	Директордың орынбасарлары
Жаңа оқу жылының басталуы туралы бұйрықпен таныстыру. Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.	А.Хамзина
Мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған даму стратегиясы, жұмыс жоспарын бекіту.	Директордың орынбасарлары
2023-2024 оқу жылындағы бірлестік жетекшілерін, сынып кураторларын, кабинет меңгерушілерін, тәрбиешілерді, шығармашылық топ жетекшілерін бекіту.	Т.Ахметуллаева
Мұғалімдерді тарифтеу, сағат жүктемелерін бекіту.	Д.Кажғалиева
Педагог қызметкерлердің аттестациясының қорытындысы. Педагогтерді аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту.	З.Мағзумова
Электронды журналды толтыру бойынша өзгерістер мен ескертулер	А.Ахмадиев
Алғашқы қоңырау салтанатын өткізу туралы.	Г.Суханова
Мектептің ішкі тәртіп ережесіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу, бекіту.	А.Хамзина
Оқу кабинеттерінің паспорттары, жұмысқа жарамдылық актісі	Т.Ахметуллаева

<b>№2 кеңес. Қараша</b>	
<b>Тақырыбы: «Сабақты зерттеу түрлері және формалары»</b>	
Теориялық жұмыс (зерттеу сабақтары, ұйымдастыру ерекшеліктері, зерттеу формалары)	З. Мағзумова Ш.Уйсимбаева А.Тулешева
Оқу-тәрбие жұмысының I тоқсан бойынша қорытындысы: А) Сыныптар бойынша білім сапасын талдау. Б) Пәндер бойынша сараптама. В) ҰБТ-ге дайындық туралы Г) Педагогтердің кәсіби рейтингісі Д) Тәрбие жұмысы бойынша қорытынды. Е) Күнделіктің және АКТ жайы туралы Ж) Өнер мектебінің жұмысы З) Интернат жағдайы	Директордың орынбасарлары
Жаңадан қабылданған оқушылардың бейімделуі	Ж.Ильясова
Ағымдағы мәселелер. №1 педкеңес қаулысының орындалуы туралы	А.Хамзина
<b>№3 кеңес. Қаңтар</b>	
<b>Тақырыбы: «Сабақтағы оқушы еңбегінің өнімділігіне әсер ететін факторлар»</b>	
Тәжірибелі кәсіби педагогтер тақырып бойынша топтық жұмыс ұйымдастырады. Сабақтағы оқушы еңбегінің өнімділігі не әсер етеді? Оқушы еңбегінің өнімділігін қалай көтеруге болады?	З. Мағзумова Э.Казиханова
Оқу-тәрбие жұмысының II тоқсан/I жарты жылдық бойынша қорытындысы: А) Сыныптар бойынша білім сапасын талдау. Б) Пәндер бойынша сараптама. В) ҰБТ-ге дайындық туралы Г) Педагогтердің кәсіби рейтингісі Д) Тәрбие жұмысы бойынша қорытынды. Е) Күнделіктің және АКТ жайы туралы Ж) Өнер мектебінің жұмысы З) Интернат жағдайы И) Мектептегі психологиялық қызмет барысы К) Оқушылардың әлеуметтік жайы, тамақтандыру сапасы туралы	Директордың орынбасарлары
2022-2023 оқу жылындағы қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту.	А.Ахмадиев
Ағымдағы мәселелер. №2 педкеңес қаулысының орындалуы туралы	А.Хамзина

<b>№4 кеңес. Наурыз</b>	
<b>Тақырыбы: «Табысты мұғалім құпиясы»</b>	
Табысты педагогтердің кәсіби тәжірибе алмасуы	З.Магзумова Э.Казиханова
Оқу-тәрбие жұмысының III тоқсан бойынша қорытындысы: А) Сыныптар бойынша білім сапасын талдау. Б) Пәндер бойынша сараптама. В) ҰБТ-ге дайындық туралы Г) Педагогтердің кәсіби рейтингісі Д) Тәрбие жұмысы бойынша қорытынды. Е) Күнделіктің және АКТ жайы туралы Ж) Өнер мектебінің жұмысы З) Интернат жағдайы	Директордың орынбасарлары
Ағымдағы мәселелер. №3 педкеңес қаулысының орындалуы туралы	А.Хамзина
<b>№5 кеңес. Мамыр</b>	
Оқу-тәрбие жұмысының IV тоқсан/жылдық бойынша қорытындысы: А) Сыныптар бойынша білім сапасын талдау. Б) Пәндер бойынша сараптама. В) ҰБТ-ге дайындық туралы Г) Педагогтердің кәсіби рейтингісі Д) Тәрбие жұмысы бойынша қорытынды. Е) Күнделіктің және АКТ жайы туралы Ж) Өнер мектебінің жұмысы З) Интернат жағдайы И) Мектептегі психологиялық қызмет барысы К) Оқушылардың әлеуметтік жайы, тамақтандыру сапасы туралы	Директордың орынбасарлары
Оқушыларды сыныптан –сыныпқа көшіру (4-8, 10 сынып)	Сынып жетекшілер Кураторлар
Оқу озаттарын марапаттау.	Сынып жетекшілер Кураторлар
Оқушыларды емтиханға жіберу туралы (9,11 сынып үшін) Оқушыларды емтиханнан босату туралы (болған жағдайда)	Сынып жетекшілер Кураторлар
Жазғы мектептің ұйымдастырылуы туралы	Т.Ахметуллаева
Қабылдау емтиханының қорытындысы туралы	Ә.Бакаев
Ағымдағы мәселелер. №4 педкеңес қаулысының орындалуы туралы	А.Хамзина
<b>№6 кеңес. Маусым</b>	

<b>Тақырыбы: «Негізгі мектепті бітіру туралы»</b>	
Мемлекеттік емтихан қорытындысы	Оқу бөлімі
Оқу озаттарын марапаттау	Кураторлар
Негізгі мектеп бітіргені туралы куәлік беру Үздік аттестат иегерлерін марапаттау	Директордың орынбасарлары Кураторлар
5-10 сыныптардағы бос орындарға оқушылар қабылдау туралы	Директор
№5 педкеңестің шешімінің орындалуы туралы	Директордың орынбасарлары
<b>№7. Кіші пед. кеңес. Жалпы орта мектепті бітіру туралы. Маусым</b>	
Оқушыларға орта мектепті бітіргені туралы аттестат беру	Оқу бөлімі
№6 педкеңестің шешімінің орындалуы туралы	Директордың орынбасарлары

**Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы  
№11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының  
2023-2024 оқу жылындағы директор жанындағы отырыстардың  
жоспары**

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Жауапты тұлғалар</b>
<b>Тамыз</b>	
Мектептің жаңа оқу жылына дайындығы (санитарлық-гигиеналық тәртіп және қауіпсіздік шаралары, кабинеттердің, асхананың, спортзалдың, кітапхананың жаңа оқу жылына дайындық деңгейі).	Жомартова Ж.Ж. Ахметуллаева Т.А. Балмұхан Ж.Т.
Директор орынбасарларының, қызметкерлердің функционалдық міндеттерін бөлу	Хамзина А.О.
Сағат жүктемесінің бөлінуі. Қоса атқарылатын қызметтерді бөлу	Директордың орынбасарлары
Кабинет жетекшілері, зертханашылар, сынып кураторларын тағайындау	Ахметуллаева Т.А.
Оқушыларды ғылыми жоба конкурсына іріктеу	Ахметуллаева Т.А.
Мектептің терроризмге қарсы қорғану жұмыстары	Балмұхан Ж.Т.



<b>Қыркүйек</b>	
КТЖ, ҚМЖ жүргізуге қойылатын талаптардың сақталу деңгейін анықтау	Директордың орынбасарлары
Оқушылардың жеке іс-қағаздарын жүргізу (10-11 сыныптар) «Алтын белгіге» үміткерлерді анықтау	Ахмадиев А.С.
Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындық	Ахмадиев А.С.
5-11 сыныптарға нөлдік білім кесімін өткізілуі	Ахметуллаева Т.А. Кажғалиева Д.Б.
Оқушылардың дарындылық бағытын анықтау	Кадырова Н.М.
Білім алушыларды сабақтан тыс қызметпен қамту бойынша мониторинг жүргізу	Тастемирова А.Т.
Kundelik.kz журналының толтырылуы туралы	Тастемирова А.Т. Суханова Г.Р.
Оқушылардың оқулықтармен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылуы	Мурзашева А.Е.
<b>Қазан</b>	
ҰБДҚ толтырылуы	Закаев Б.К.
ҰБТ қорытындысы бойынша білім сапасы төмен пәндердің зерделенуі	Директордың орынбасарлары
Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындық	Ахмадиев А.С.
Жас мамандар мен жаңадан қабылданған мұғалімдердің бейімделуін, сабақ беру стилін бақылау	Мағзумова З.Т.
Тәрбие жұмыстарын жүргізуде кәсіби бағдар шаралардың сапасы	Директордың орынбасарлары
Еңбек қауіпсіздігі, техникалық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі мәселелері	Балмұхан Ж.Т.
<b>Қараша</b>	
БЖБ, ТЖБ бағалау нормаларының	Ахметуллаева Т.А.

сақталуы	
«Күнделік» жүйесіндегі жұмыс. Электрондық журналдарды жүргізуге қойылатын талаптарды орындау	Максүтова Д.А.
Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындық	Ахмадиев А.С.
ББЖМ –ға дайындық аясында 9- сыныптарды байқау тестілеуінің нәтижесі	Ахметуллаева Т.А.
8 в,г,д-10 в,г сыныптарында оқушылардың физика пәнінің ағылшын тілінде меңгеру сапасын анықтау	Джуламанова М.С.
<b>Желтоқсан</b>	
ҰБДҚ толтырылуын бақылау нәтижесі	Закаев Б.К.
«Күнделік» жүйесіндегі жұмыс. Электрондық журналдарды жүргізуге қойылатын талаптардың орындалуы	Максүтова Д.А.
Мемлекеттік оқу бағдарламаларының орындалуы	Директордың орынбасарлары
Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындық	Ахмадиев А.С.
Жартыжылдық қорытындысы бойынша білім кесімдерінің нәтижесі	Директордың орынбасарлары
Тәрбие жұмыстарын жүргізуде кәсіби бағдар шаралардың сапасы	Директордың орынбасарлары
«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жұмысты ұйымдастыру	Тастемирова А.Т. Суханова Г.Р.
«Жасұлан» өзі-өзі басқару ұйымының жұмысының деңгейі	Тастемирова А.Т. Суханова Г.Р.
<b>Қаңтар</b>	
Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындық	Ахмадиев А.С.
Таңдау және элективті курстардың, үйірмелердің жүргізілу сапасы	Директордың орынбасарлары
8в-10в сыныптарында оқушылардың физика пәнінің ағылшын тілінде меңгеру сапасы	Джуламанова М.С.

Қорытынды аттестаттауға дайындық (9,11)	Ахмадиев А.С. Ахметуллаева Т.А.
Оқушылардың жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың III кезеңіне қатысу нәтижелері	Ахметуллаева Т.А.
Білім алушылардың құқықбұзушылық динамикасы. Мектеп инспекторының жұмысы	Тастемирова А.Т. Суханова Г.Р.
Жаңа оқу жылына мектепке оқушы қабылдау	Ахмадиев А.С.
<b>Ақпан</b>	
ҰБДҚ толтырылуын бақылау нәтижесі	Закаев Б.К.
Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындық	Ахмадиев А.С.
Сарамандық, зертханалық жұмыстардың орындалу сапасы	Ахметуллаева Т.А.
Мектеп интернатындағы тәрбиелік шаралардың жүргізілу сапасы	Тастемирова А.Т. Суханова Г.Р.
<b>Наурыз</b>	
БЖБ, ТЖБ бағалау нормаларының сақталуы	Ахметуллаева Т.А.
«Күнделік» жүйесіндегі жұмыс. Электрондық журналдарды жүргізуге қойылатын талаптардың орындалуы	Максүтова Д.А.
Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындық	Ахмадиев А.С.
Өрт шыққан жағдайда адамдарды ғимараттан шұғыл эвакуациялау бойынша іс-тәжірибелік жаттығуға дайындық және өткізу қорытындысы	Демеуов Р.И.
8б-10б сыныптарында оқушылардың химия пәнінің ағылшын тілінде меңгеру сапасын анықтау	Джукламанова М.С.
Биология, көркем еңбек, химия, физика, информатика кабинеттерінде ҚТ	Ахмадиев А.С.

сақталуын бақылау	Ахметуллаева Т.А. Балмұхан Ж.Т.
<b>Сәуір</b>	
ҰБДҚ толтырылуын бақылау нәтижесі	Закаев Б.К.
«Алтын белгіге» үміткерлердің құжаттары (11 сынып)	Ахмадиев А.С.
Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындық	Ахмадиев А.С.
8б-10б сыныптарында оқушылардың биология пәнінің ағылшын тілінде меңгеру сапасы	Мукашева А.Г.
Қорытынды аттестаттауға дайындық (9,11)	Ахмадиев А.С. Ахметуллаева Т.А.
«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жұмысты ұйымдастыру	Тастемирова А.Т. Суханова Г.Р.
Оқу кабинеттерінің жай-күйі	Ахметуллаева Т.А. Балмұхан Ж.Т.
<b>Мамыр</b>	
БЖБ, ТЖБ бағалау нормаларының сақталуы	Ахметуллаева Т.А.
«Күнделік» жүйесіндегі жұмыс. Электрондық журналдарды жүргізуге қойылатын талаптардың орындалуы	Максүтова Д.А.
Мемлекеттік оқу бағдарламаларының орындалуы	Директордың орынбасарлары
Жыл қорытындысы бойынша бақылау кесімі нәтижесі	Ахметуллаева Т.А.
Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындық	Ахмадиев А.С.

# МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, білім беру мекемесінің Жарғысына, мектеп директорының бұйрығымен бекітілген мектептің даму бағдарламасына сәйкес әзірленді және мектеп әкімшілігінің мектепшілік бақылау мазмұны мен жүзеге асыру тәртібін регламенттейді.

1.2. Мектепшілік бақылау – білім беру үдерісінің жағдайын, білім беру мекемесі қызметінің негізгі нәтижелерін диагностикалау үшін ақпараттың басты көзі. Мектепшілік бақылау дегеніміз, мектеп әкімшілігі мүшелерінің басшылық тәртібі және өз құзыреттілігі шеңберінде мектеп қызметкерлерінің ҚР заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін сақтауын бақылау түрінде жүзеге асырылатын бақылау, тексеру өткізулері болып табылады.

1.3. Мектепшілік бақылаудың негізін әкімшілік пен педагогикалық ұжымның педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыруға, педагог қызметкерлердің кәсіби шеберлігін жетілдіру және ынталандыру мақсатында оларға әдістемелік көмек көрсетуге бағдарланған демократиялық негіздегі өзара іс-әрекеті құрайды.

## 2. Мектепшілік бақылаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Мектепшілік бақылаудың негізгі мақсаты білім беру үдерісін бұдан әрі дамыту жөніндегі қорытынды мен ұсыныстарды қалыптастыруға ықпал ететін себеп-салдарлық байланысты белгілеп, педагогикалық жүйенің жалпы білімнің мемлекеттік стандарттары талаптарына сәйкес жұмыс істеуі мен дамуын бекіту болып табылады.

Оқу-тәрбие үдерісін тікелей бақылауды жүзеге асыру кезіндегі мектепшілік бақылаудың мақсаты:

- педагогикалық ұжымның терең білімділігін сақтау және тұлғаның маңызды және болашақтағы қажеттілігіне сәйкес негізде білімге қол жетімділік, сапа және нәтижесін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін жетілдіру;
- педагогикалық ұжым мүшелерінің кәсіптік әлеуетін анықтау және іске асыру;
- білім алушылардың білім әлеуетін анықтау және іске асыру, тұлғаның жан-жақты даму динамикасын бақылау;
- білім мекемесінің білім беру үдерісін жасақтау және ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

### Мектепшілік бақылаудың міндеттері:

- білім саласындағы заңнамалардың орындалуын бақылау, заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің бұзылуы және орындалмаған жағдайларын анықтау, олардың жолын кесу бойынша шаралар қабылдау;
- педагог қызметкерлер қызметінің нәтижесіне талдау және сараптамалық бағалау жасау, озық, инновациялық технологиялар, оқытудың әдістері мен тәсілдерін енгізгені үшін жауапкершілікті арттыру;
- педагогикалық қызмет нәтижесін зерделеу, білім беру үдерісін ұйымдастырудағы жағымды және жағымсыз беталыстарды анықтау және соның негізінде педагогикалық тәжірибені тарату, жағымсыз беталыстарды жою туралы ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау;
- бақылау үдерісінде педагог қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету;
- оқу материалының білім алушылардың даму динамикасына сәйкес игерілу сапасын анықтау мақсатында жекелеген пәндер бойынша білім алушылар жетістіктерінің мониторингі;
- мектеп құжаттамасының жағдайы және жүргізілуін бақылау жүйесін жетілдіру.

### 3. Мектепшілік бақылаудың объектілері

#### 1. Мектепшілік бақылау объектілері

##### 1.1. Оқу үдерісі:

- оқу бағдарламаларын орындау;
- оқушылардың білімі мен дағдыларының деңгейі;
- мұғалім жұмысының өнімділігі;
- дарынды балалармен жеке жұмыс;
- сабақтан тыс пәндік қызметтің сапасы.

##### 1.2. Тәрбие үрдісі:

- оқушылардың тәрбие деңгейі;
- сынып жетекшілерінің жұмыс сапасы;
- ата-аналардың тәрбие үдерісіне қатысуы;
- жалпы мектептік дәстүрлі іс-шаралардың сапасы;
- оқушылардың денсаулығы мен дене дайындығының деңгейі;
- педагогикалық қараусыз қалған балалармен профилактикалық жұмыстың сапасы.

##### 1.3. Әдістемелік жұмыс:

- әр мұғалімнің ғылыми-әдістемелік деңгейі;
- сынып жетекшісінің әдістемелік деңгейі;
- педагогикалық тәжірибені тарату механизмі;
- педагогтардың біліктілігін арттыру.
- педагогтардың ғылыми білім деңгейі;
- білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметі.

##### 1.5. Оқу-тәрбие процесінің қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілуі:

- еңбекті қорғау;
- санитарлық-гигиеналық жағдай;
- оқу және әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілуі;
- оқу-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілуі.
- оқыту шарты мен ұйымдастыруда санитарлық-гигиеналық, ҚТ сақталуын бақылау.

### 4. Мектепшілік бақылаудың бағыттары, түрлері, әдістері мен нысандары

4.1. Мектеп директоры (немесе оның тапсырмасы бойынша директордың орынбасарлары) қызметкерлер қызметінің нәтижесіне келесі бағыттар бойынша мектепшілік бақылау жасауға құқылы:

- білім саласындағы білімге қол жетімділік, сапа және нәтижесін қамтамасыз ету жөніндегі ҚР заңнамаларын және мемлекеттік саясатты сақтау;
- жалпы білімнің мемлекеттік стандарттары бағдарламаларын, оқу бағдарламаларын іске асыру;
- білім беру үдерісінде әдістемелік және ақпараттық қамтуды қолдану;

- білім алушыларды мемлекеттік (қорытынды) және аралық аттестаттау, үлгерімді ағымдағы бақылау өткізу тәртібін сақтау;
- мектептің жарғысын, ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтау;
- білім алушылар мен мектеп қызметкерлерінің денсаулығын қорғау және нығайту мақсатында қоғамдық тамақтану және медициналық мекеме ұйымдары бөлімшелерінің жұмысы;
- ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу;
- мектеп директорының құзыры аясындағы басқа да мәселелер.

#### **Мектепшілік бақылау барысында мұғалімнің қызметін бағалау кезінде төмендегілер ескеріледі:**

- жалпы білім берудің мемлекеттік білім стандарттарын толық көлемде орындау (материалды өту, тәжірибелік жұмыстар, бақылау жұмыстарын, экскурсиялар өткізу және басқ.);
- білім алушылардың білім, ептілік, дағды деңгейі;
- білім алушылардың дербестік деңгейі;
- білім алушылардың жалпы оқу дағдыларын, зияткерлік ептілікті меңгеруі;
- білім беру үдерісінде білім алушыларға саралап жіктелген көзқарас;
- мұғалімдер мен білім алушылардың бірлескен жұмысы;
- жағымды әсерлі микроклиматтың болуы;
- оқу материалының мазмұнын іріктей білу (оқушылардың білім жүйесін игеруге бағытталған қосымша әдебиет, ақпарат, иллюстрация және басқа да материалдар);
- педагогикалық жағдайларды, рефлексстерді талдау қабылеті, педагогтық жұмыс нәтижесін өздігінен бақылау;
- өз жұмысын түзете білу;
- өз тәжірибесін қорыта, жүйелендіре білу;
- АКТ, технология элементтерін қолдана білу.

#### **4.2. Бақылау түрлері:**

Нормативті құжаттарға сәйкес бақылаудың екі түрі жүзеге асырылады: тақырыптық және фронтальды (тұтас). Тақырыптық бақылаудың мақсаты: жекелеген сұрақтарды қарастыру (белгілі бір тақырып бойынша оқушылардың білім сапасы, сабақта біліктілік пен дағдыны қалыптастыру және т.б.). Тақырыптық бақылау объектілері: жекелеген мұғалімнің, барлық әдістемелік бірлестіктің (кафедраның) жұмысы. Тақырыптық бақылау қорытындысы бойынша аналитикалық анықтама жасалады. Фронтальды бақылау мақсаты: бір мұғалімнің немесе топталған мұғалімдердің жұмыстарын жан-жақты тексеру. Фронтальды бақылаудың мерзімі: оқу жылы барысында бір реттен аспауы қажет. Фронтальды бақылау персоналды, жалпылама-кешенді және сыныптық-кешенді болуы мүмкін.

- тақырыптық, сыныптық-қорытынды, тақырыптық-қорытынды, пәндік-қорытынды, пәндік, дербес;
- фронталдық, сыныптық-қорытынды, пәндік-қорытынды, дербес.

#### **Мектепшілік бақылаудың бақылау мерзімділігі бойынша түрлері:**

- кіру (оқу жылының басында өткен жылғы курс бойынша);
- алдын ала (қорытынды бақылау жұмыстары, мектеп бітіретін сыныптардағы емтихандар алдындағы алдын ала танысу, жаңа оқу жылына дайындықты тексеру);
- ағымдағы (оқу-тәрбие үдерісін тікелей бақылау, тақырыпты өткен соң тоқсан, жартыжылдық бойынша үлгерім қорытындысы);

- аралық (оқу жылының соңына үлгерім қорытындысы);
- қорытынды (мектептің оқу жылы бойынша жұмыс нәтижесін зерделеу, 9, 11-сынып түлектерін қорытынды аттестаттау).

#### **4.3. Мұғалімнің қызметін бақылау әдістері:**

- сауалнама, әлеуметтік сұрақ;
- әңгімелесу;
- бақылау;
